

О с ы К е л і с і м д е

" Т а с ы м а л д а у ш ы " :

- жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ Мажар Республикасы үшін - бір Келісуші Жак мемлекетінің аумағында тіркелген және осы мемлекеттермен төлем үшін немесе пәрменді ұлттық заңдар мен ережелерге сай өз есебінен автокөлік тасымалын орындауға жіберілген заңды тұлға болып табылмайтын - экономикалық қоғам;

" А в т о к ө л і к қ ұ р а л ы " :

жолаушыларды тасымалдаған кезде:

- техникалық талаптарға сай жүргізушінің орнын қоса есептегенде, отырар орындықтары 9-дан артық болатын, жолаушылар тасымалдауға арналған механикалық жүргізгіші бар автобус немесе кез келген автокөлік құралы, сондай-ақ жеке багаж тасымалдауға арналған тіркеме;

жүктерді тасымалдаған кезде:

- жүк тасымалдауға арналған механикалық жүргізгіші бар кез келген автокөлік құралы, немесе бір Келісуші Жак мемлекетінің аумағында автопойыз тартқышы тіркелген жағдайда, тіркемелер мен жартылай тіркемелерді қосқанда, техникалық талаптарға сай қайта құрастырылған автокөлік құралы;

"жолаушыларды автобуспен жүйелі тасымалдау":

алдын ала анықталған және жарияланған кесте, тариф бойынша белгілі қозғалыс жиілігімен және алдын ала анықталған аядамалар пункттерінде жолаушыларды тиеу мен түсіру жүргізілетін маршрут барысы бойынша жүзеге асырылатын тасымалдар;

"жолаушылардың автобуспен жүйесіз тасымалдары":

а) ылғи да, бір топ жолаушылар сол бір автокөлік құралымен жөнелту пунктінен автокөлік құралы тіркелген тіркеу мемлекетіндегі бағыт алған пунктке және осындай жол жүру кезінде жолаушылардың дербес құрамы өзгермейтін, тасымалдар;

б) дербес құрамы өзгермейтін-бір топ жолаушылар автокөлік құралы тіркелген мемлекеттен басқа мемлекетке және автокөлік құралы бос қайтатын, тасымалдар;

"Жолаушыларды автобуспен маятникті тасымалдау":

- бір жөнелту пунктісінен бір бағыт алған пунктке алдын ала қалыптасқан жолаушылармен кері жол жүру кезінде жөнелту пунктіне, бірінші тасымалдан кейін автокөлік құралы бос қайтатын және соңғы тасымалдың алдында екінші Келісуші Жак мемлекетінің аумағына бос жіберілетін көп ретті тасымал.

" К а б о т а ж т а с ы м а л ы " :

- бір Келісуші Жак мемлекетінің тасымалдаушыларымен екінші Келісуші Жак мемлекетінің аумағында орналасқан екі пункттер арасында орындалатын тасымал.

І І

Ж о л а у ш ы

3-бап

Б ө л і м

т а с ы м а л д а р ы

1. Осы Келісімге сай жолаушылардың автобус тасымалдары, осы баптың 5 тармағында көрсетілген тасымалдарды қоспағанда, рұқсаттар негізінде жүзеге асырылатын болады.

2. Келісуші Жақтар мемлекетінің құзырлы органдарының өзара келісімі бойынша жолаушылардың автобуспен жүйелі тасымалдарына рұқсат беріледі.

Әрбір Келісуші Жақ мемлекетінің құзырлы органдары өз аумағы бойынша өтетін маршрут бөлігіне ғана рұқсат береді.

Келісуші Жақтар мемлекетінің құзырлы органдары жалпы уағдаластық негізде рұқсат беру жағдайын белгілейді, жеке алғанда, рұқсат күшінің мерзімі, кесте мен қолданылатын тарифтер.

3. Жолаушылардың автобуспен жүйелі тасымалдауларына рұқсат беру туралы өтініш, Келісуші Жақ мемлекеттерінің құзырлы органдарымен бір-біріне жіберіледі. Өтініште маршрут, кесте және тарифтер туралы мәліметтер, сондай-ақ қозғалыстың ашылуына жобаланған уақыты көрсетілуі тиіс.

4. Өтініштің мазмұны мен нысаны, сондай-ақ рұқсаттар Келісуші Жақ мемлекеттерінің құзырлы органдарымен анықталады.

5. Мына автобустармен жолаушы тасымалдарын орындау үшін рұқсаттар талап етілмейді:

а) дербес құрамның бір тобы, автобус тіркелген Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында басталған және аяқталған және осындай жол жүру кезінде жолаушылардың дербес құрамы өзгермеген жағдайда, бүкіл жол бойы бір автобуспен тасымалданған жағдайда;

б) автобус тіркелген бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында басталған және тасымалдан кейін автобус бос қайтқан жағдайда, екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында аяқталатын бүкіл жол жүру бойындағы бір бағытта, бір автобуспен, бір дербес құрам тасымалданған жағдайда;

в) транзит қозғалысы кезінде жүйелі емес тасымал жағдайында; жүйеленген жағдайларды қоспағанда, барлық тасымал кезінде, автобуста болуы тиіс жолаушылар тізімі талап етіледі.

6. Бұзылған автобусты пайдалануға жарамды автобуспен алмастыру кезінде, бұл автобуспен осы баптың 5 тармағында көрсетілген тасымалды жүзеге асырған жағдайда, рұқсат талап етілмейді.

4-бап

Жолаушыларды автобуспен маятник тасымалы арқылы тасымалдаған кезде екінші Келісуші Жақ мемлекетінің құзырлы органының кепілдемесі бойынша бір Келісуші Жақ мемлекетінің құзырлы органының рұқсаты талап етіледі. Тасымалдаушылар жолаушыларды автобуспен маятник тасымалы арқылы тасымалдауға өтінішті өз мемлекетінің құзырлы органдарына береді, олар бұл сұранымды қарап, бұл жөніндегі өз кепілдемесін екінші Келісуші Жақ мемлекетінің құзырлы органына жібереді.

5-бап

Бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында екінші Келісуші Жақтың бос автобустары кіруі үшін, 3-баптың 5 және 6 тармақтарында айтылған жағдайларды қоспағанда, осы Келісуші Жақ мемлекетінің құзырлы органдарымен берілетін жеке рұқсат қажет.

I I

Ж ү к

6-бап

Б ө л і м т а с ы м а л д а р ы

1. Осы Келісімнің 7-бабында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Келісуші Жақ мемлекеттері аумақтарының арасында, олардың аумағы арқылы транзитпен, немесе үшінші мемлекетке немесе үшінші мемлекеттен жүк тасымалдау, Келісуші Жақтар мемлекеттерінің құзырлы органдарымен берілетін рұқсаттар негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2. Әрбір рейске және әрбір автокөлік құралына жеке рұқсат берілуі тиіс. Әрбір рұқсат солай және кері қарай бір рейс жасауға ғана құқық береді. Бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағына кіруші бос автокөлік құралы үшін де рұқсат талап етіледі. Автопойызбен жүк тасымалдаған кезде тартқыш үшін ғана рұқсат қажет.

3. Рұқсаттың екі түрі бар:

а) негізінде екі Келісуші Жақ мемлекетінің аумағынан арасында тасымал, сондай-ақ екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағы арқылы тасымал жүзеге асырылатын әмбебап рұқсаттар (екіжақты/транзиттік);

б) негізінде бір Келісуші Жақ мемлекетінен үшінші мемлекетке немесе үшінші мемлекеттен екінші Келісуші Жақ мемлекетіне тасымал жүзеге асырылатын, үшінші мемлекетке рұқсат .

4. Осы баптың 3 тармағында көрсетілген рұқсат түрлері мынадай болуы мүмкін:

а) салық/алым төлеуі бар (Мажар Республикасының аумағында - автокөлік құралының салығы, Қазақстан Республикасының аумағында - автокөлік құралының а л ы м ы) ,

б) көрсетілген салық/алымды төлемеу арқылы.

5. Келісуші Жақтардың құзырлы органдары жыл сайын Аралас комиссияның мәжілісінде осы Келісімнің 14-бабының 1 тармағында көрсетілген тең негізде салық/алым төлеусіз өзара берілетін рұқсаттар санын, сондай-ақ автомобиль тасымалдаушыларына салық/алым төлеу арқылы тасымал орындауға құқық беретін рұқсаттар с а н ы н а н ы қ т а й д ы .

6. Келісуші Жақтар мемлекетінің құзырлы органдары өзара келісілген рұқсат бланкілерінің санын бір-біріне тапсырады. Әрбір Келісуші Жақ мемлекетінің құзырлы органдары рұқсат бланкілерін дербес әзірлейді.

7. Тасымалдаушыларға жүк тасымалын орындауға рұқсатты автокөлік құралы тіркелген мемлекеттің құзырлы органы береді. Рұқсат тек тасымалдаушыға беріледі

және үшінші тұлғаға тапсыруға жатпайды.

8. Осы Келісімде ескертілген рұқсаттар екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында орындалатын тасымалдар барысында автокөлік құралында болуы тиіс және бақылауға құқығы бар органдардың талап етуімен ұсынылатын болады.

9. Рұқсат күнтізбелік жылға және келесі жылдың 31 қаңтарына дейін жарамды.

7-бап

1. Мына тасымалдаулар үшін рұқсаттар, сондай-ақ салық пен алым төлемдері (Мажар Республикасының аумағында - автокөлік құралына салық, Қазақстан Республикасының аумағында - автокөлік құралына алым) талап етілмейді:

а) көші-қон кезінде қозғалмалы мүліктерді;

б) жәрмеңке мен көрмелер үшін арналған экспонаттарды, жабдықтар мен материалдарды;

в) көлік құралдарын, хайуандарды, спорт шараларын жүргізуге арналған спорт құрал-саймандары мен мүліктерді;

г) театрдағы сахна көркі мен реквизиттерді, музыка аспаптарын, кино түсірулер, радио, теледидар хабарлары мен цирк көріністеріне арналған жабдықтарды;

д) қайтыс болғандардың денелері мен мәйіттерін;

е) бұзылған көлік құралдарын;

ж) тасымал жіберушімен немесе қарсы алушы органмен немесе оның ведомствосымен расталған жағдайда, табиғи апат, қирау болған кезде жедел көмек көрсету бойынша;

з) пошта жіберілімдерін;

и) жалпы салмағы тіркемелерді қосқанда 7,5 тоннадан немесе оның жүк көтерімділігі 3,5 тоннадан аспайтын жүк автокөлік құралдарымен орындалатын;

2. Бір Келісуші Жақ мемлекетінің тасымалдаушылары үшін сатып алынған жүк автокөлік құралының бірінші бос жол жүруі үшін рұқсаттар талап етілмейді.

I V

Б ө л і м

Ж а л п ы

е р е ж е л е р

8-бап

Жолаушылар мен жүктерді каботажбен тасымалдауға рұқсат етілмейді. Келісуші Жақтар мемлекетінің құзырлы органдары осындай тасымалдаулар үшін ерекше жағдайда ғана рұқсат етеді.

9-бап

1. Автокөлік құралының жүргізушісі өздерінің басқаратын көлік құралының санатына сай ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігі болуы тиіс және Жол қозғалысы туралы ООН/ЕЭК Конвенциясына сай (1968 ж.) келетін автокөлік құралына ұлттық тіркеу құжаты болуы тиіс.

2. Келісуші Жақтар мемлекеттерінің тасымалдаушылары және автокөлік құралының жүргізушілері аумағында жолаушы және жүк тасымалдарын жүзеге асыратын

мемлекеттің жол қозғалысының ережелері мен құқылық қалыптарын сақтауға міндетті.

3. Салмағы немесе мөлшері екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында анықталған ең көп салмақ мөлшерінен асатын арнайы автопойыздармен жүк тасымалдауды, осы Келісуші Жақ мемлекетінің құзырлы органдарының арнайы рұқсатын алған соң ғана бастауға болады.

Келісуші Жақтар мемлекетінің құзырлы органдары арнайы рұқсат беру туралы сұрауға, өтініш алған күннен бастап 10 күннен кешіктірмей жауап беруі тиіс.

4. Осы баптың 3 тармағында ескертілген рұқсаттар автокөлік құралының белгілі маршрутта қозғалысын шектеген жағдайда, тасымал осы маршрут бойында ғана жүзеге асырылуы тиіс.

5. Келісуші Жақтардың екеуі де қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде Автомобиль тасымалдауларындағы қауіпті жүктер жөніндегі Еуропалық Шарт (ДОПОГ (ADR)) қалыптары мен ережелерін орындауға міндеттенеді.

10-бап

Бір Келісуші Жақ мемлекетінің құзырлы органдары екінші Келісуші Жақ мемлекетінің құзырлы органдарының келісімі бойынша жолаушылар мен жүк тасымалын ұйымдастыру мақсатында соның аумағында өз уәкілдерін құрылтайшылауы мүмкін.

11-бап

1. Бір Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында осы Келісімнің шеңберінде тасымал орындаушы бұзылған автокөлік құралын жөндеу үшін әкелінген қосалқы бөлшектер салықтарда, баж және алым төлеуден босатылады.

2. Алмастырылған қосалқы бөлшектер автокөлік құралы тіркелген мемлекетке кері қайтарылады немесе кедендік органдардың бақылауымен жойылады.

3. Көлік құралында жасаушы-зауытпен қондырылған бактердегі 200 литрге дейінгі отын көлемі кедендік баждар мен алымдардан босатылады.

4. Осы Келісім негізінде тасымалды жүзеге асырушы және салықсыз рұқсаты бар автокөлік құралдары, оны иеленуге және пайдалануға байланысты барлық салықтардан және алымдардан босатылады.

5. Осы баптың 1 тармағындағы ережелер автострада, тоннель көпір және инженерлік-техникалық жол құрылыстарының жеке учаскелері бойынша жол жүргені үшін алынатын салықтар мен алым төлеуге, сондай-ақ автомобильдің рұқсат етілген жалпы салмағынан асқанда және/немесе Келісуші Жақ мемлекетінің ұлттық заңдарымен белгіленген оске әрекет ету күші жоғары болғанда төленетін айыппұлға таратылмайды.

12-бап

Шекаралық, кедендік және санитарлық бақылауға қатысты Келісуші Жақ мемлекетінің ұлттық заңдарының ережелері, сондай-ақ қатысушылары екі Келісуші Жақ болып табылатын халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

13-бап

Жолаушылардың автобуспен жүйелі тасымалдарында және хайуандарды, тез бұзылатын және қауіпті жүктерді автомобиль көлігімен тасымалданған кезде Келісуші Жақ мемлекетінің тиісті шекаралық, кедендік және санитарлық органдары кезексіз бақылау жасайтын болады.

14-бап

1. Осы Келісімнің ережелерін орындау үшін және туындаған дау-дама мәселелерін тез шешу үшін Келісуші Жақтар өз мемлекетінің құзырлы органдарының өкілдерінен Аралас Комиссия құрады. Аралас Комиссияның мәжілісі Келісуші Жақ мемлекеттерінің аумағында кезекпен жыл сайын бір реттен сиретілмей жүргізілетін болады.

2. Аралас Комиссия осы Келісімнің толықтырулары мен өзгерістеріне қажетті ұсыныстарды беруі мүмкін. Осындай өзгерістер немесе толықтырулар әрбір Келісуші Жақтың, оны бекіткені жөнінде нота алмасқан сәттен бастап күшіне енеді.

15-бап

1. Келісуші Жақ мемлекеттерінің құзырлы органдары өз тасымалдаушыларының осы Келісімнің ережелерін сақтауын қамтамасыз ететін болады.

2. Екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында автомобиль тасымалына және жол қозғалысына байланысты пәрменді құқылық қалыптар мен ережелерді, сондай-ақ осы Келісімнің ережелерін бұзған тасымалдаушылар мен жүргізушілерге қатысты аумағында осындай ереже бұзу болған мемлекеттің құзырлы органдары мына шараларды қабылдайды:

а) ескерту;

б) ереже бұзу болған Келісуші Жақ мемлекетінің аумағы бойынша тасымал орындау құқығын уақытша, жартылай немесе толық алып алу.

3. Осы баптың 2 тармағының негізінде қабылданған шаралар туралы Келісуші Жақ мемлекеттерінің құзырлы органдары бір-біріне хабарлайды.

4. Осы баптың ережелері ішкі ұлттық заңдарына сай ереже бұзу болған мемлекеттің әкімшілік органының немесе соттың қабылдауы мүмкін шараларына кедергі болмайды.

16-бап

1. Келісуші Жақтар Атқару Хаттамасында осы Келісімді орындау ережелерін анықтайды. Атқару Хаттамасына Келісіммен бірге қол қойылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

2. Осы Келісімнің 14-бабына сай құрылған Аралас Комиссия Атқару Хаттамаға осы баптың 1 тармағында көрсетілген өзгертулер мен толықтырулар жөнінде ұсыныс

е н г і з у г е

қ ұ қ ы қ т ы .

Осындай өзгертулер мен толықтырулар, оларды, Келісуші Жақтар бекіткен соң күшіне енеді.

17-бап

1. Осы Келісім Келісуші Жақтардың өзара мемлекет ішінің процедураларын орындағанын растайтын соңғы мәлімдеменің дипломатиялық арналар бойынша түскен күнінен бастағанда 30-шы күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім бес жыл бойы күшінде болады, бұдан әрі оның күші келесі бес жылға, Келісуші Жақтардың бірі оның күшін тоқтатқаны жөнінде, 6 ай мерзім ішінде, бір-біріне жазбаша хабарламаған жағдайда, өзінен өзі созылады.

1996 жылы 7 қазанда Будапешт қаласында екі дана болып, әрқайсысы қазақ, мажар және орыс тілдерінде, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей жасалды.

Келісуші Жақтар түсіндіру мәселесіне келгенде орыс тіліндегі мәтінді пайдаланатын болады.

Қазақстан Республикасының

Мажар Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мажар Республикасы Үкіметінің арасындағы халықаралық жолаушы мен жүктерді автомобильмен тасымалдау туралы Келісімді қолдану ережелері туралы

АТҚАРУ ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Мажар Республикасы Үкіметінің арасындағы 199 "___" _____ қаласында қол қойылған халықаралық жолаушылар мен жүктердің автомобиль тасымалдары туралы Келісімді қолдануға қатысты мына уағдаластыққа қол жеткізілді:

1. Аталмыш Келісімде мыналар құзырлы органдар болып табылады:

Қазақстан Республикасы жағынан:

а) 3, 4, 5, 6, 10, 14 және 15 баптар бойынша - Көлік және коммуникациялар
м и н и с т р л і г і

480083, Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 458.

Т е л : 7 - 3 2 7 2 - 6 0 4 0 4 0

Ф а к с : 7 - 3 2 7 2 - 3 9 3 2 5 5

б) 9-бап бойынша - Ішкі істер министрлігі

480091, Алматы қаласы, Қабанбай батыр, 95

Мажар Республикасы жағынан:

Көлік, байланыс және су шаруашылығы министрлігі

1077 Будапешт, Доб көшесі, 75/81 үй

Т е л : 3 6 1 - 3 2 2 - 0 2 2 0

Ф а к с : 3 6 1 - 3 5 1 - 7 5 2 3

2. Жүк тасымалына "Рұқсат" бланкілері былай әзірленеді:

Мажар жағынан: мажар, орыс және ағылшын тілдерінде;
Қазақстан жағынан: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде
"Рұқсат" бланкілерінде бір жылға құрастырылған рет нөмірлері, сондай-ақ тиісті
құзырлы және атқарушы органның қолы мен мөрі болуы тиіс.

3. Жолаушы тасымалына қатысты рұқсатқа қоса берілген тіркеу құжаттарында
мына мәліметтер болуы тиіс:

- а) рұқсат құжатының ұқсас нөмірі;
- б) автокөлік құралының тіркеу нөмірі;
- в) рұқсат етілген ең көп жолаушы саны;
- г) маршруттың бастапқы және соңғы пункті;
- д) кедендік органдардың мөр қою орны.

4. Екінші Келісуші Жақ мемлекетінің аумағында орындалатын тасымал барысында
жолаушы тасымалының рұқсаты және оған қосылған тіркеу құжаттары автокөлік
құралында болуы тиіс және бақылауға құқығы бар органның талап етуімен көрсетілуі
т и і с .

5. Келісуші Жақтар бір-біріне рұқсат бланкілерін бергені үшін төлем алмайды.

Осы Атқару Хаттамасы 1996 жылы 7 қазанда Будапешт қаласында екі дана болып,
әрқайсысы қазақ, мажар және орыс тілдерінде, әрі барлық мәтіннің күші бірдей
ж а с а л д ы .

Келісуші Жақтар түсіндіру мәселелері бойынша орыс тіліндегі мәтінді
пайдаланатын болады.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

Мажар Республикасының

Үкіметі үшін